

Балқаш қаласының мәслихаты

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 9 маусымдағы № 30/239 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 шілдеде № 8-4-189 тіркелді

Маслихат г. Балхаша

"Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 16 шілдедегі N 45/437 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 16 шілдедегі N 45/437 "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-4-80 болып тіркелген, 2007 жылғы 20 шілдедегі N 60 "Балқаш өңірі" газетінде, 2007 жылғы 20 шілдедегі N 79-80 "Северное Прибалхашье" газетінде жарияланған) шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

1) кіріспе бөліміндегі "жергілікті мемлекеттік басқару" сөздерінен кейін "және өзін-өзі басқару" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, заңдылық және азамат құқығы, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Баймағанбетов Е. К.).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы**Е. Баймағанбетов**

Қалалық мәслихат хатшысы

И. Сторожко

КЕЛІСІЛДІ

Қала әкімі

Қ.Г. Тейлянов

2010 жыл 09 маусым